(қысқаша)

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2025 жылғы 24 желтоқсан №4360-25-00-2/2894 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы К.А.Садуақасова,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылордажылуэлектроорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны

**ЖАУАПКЕР**:
«Абаев» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Нұрәли Елдосұлы Абаев

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
1.Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2.Тұрақсыздық айып өндіру

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып,сот

**ШЕШІМ ЕТТІ**:

Талап қоюшы Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылордажылуэлектроорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның жауапкер «Абаев» жеке кәсіпкерін атынан әрекет етуші Нұрәли Елдосұлы Абаев мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Абаев» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Нұрәли Елдосұлы Абаев мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

DOC ID KZWPZVW20260001620 48A36052

DOC ID KZWPZVW2026000162048A36052
Электронный документ подписан в Documentolog Business

Жауапкер «Абаев» жеке кәсіпкерін атынан әрекет етуші Нұрәли Елдосұлы Абаевтан мемлекет пайдасына 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья К.А.Садуақасова

Құжатқа қол қойылған: Садуақасова К. А., 29.12.2025

Заңды күшіне енді: 13.02.2026 Садуақасова К. А.

4360-25-3-1/3190

DOC ID KZWPZVW2026000162048A36052
Электронный документ подписан в Documentolog Business

# Квитанция о подписании

## Основная информация

| | |
|---|---|
| DOC ID | KZWPZVW2026000162048A36052 |
| Тип документа | Внутренний документ |
| Тема | РНУ тіркеу "Жангулова" "Абаев" |
| Статус | На исполнении |
| Рег. Номер: | 01-08/520 |
| Рег. Дата: | 19.02.2026 |
| Количество страниц | 4 |
| Подписи | 1 |

## Информация об отправителе

| | |
|---|---|
| Отправитель | Государственное коммунальное предприятие "Кызылордатеплоэлектроцентр" на праве хозяйственного ведения управления энергетики и жилищно-коммунального хозяйства Кызылординской области |

## Информация о получателях

## Информация о подписантах

| | |
|---|---|
| Подписал(а) | Молдиманов Бахитжан |
| Компания | Государственное коммунальное предприятие "Кызылордатеплоэлектроцентр" на праве хозяйственного ведения управления энергетики и жилищно-коммунального хозяйства Кызылординской области |
| Должность | Директор ГКП КТЭЦ |
| Email | gkpktez@ktez.kz |
| Тип ЭЦП | Другое |
| Подпись | 495b9917...4a6c30fc5 |
| Дата подписания | 19.02.2026 12:01 |

DOC ID KZWPZVW2026000162048A36052